

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Kazakh national pedagogical university after Abai

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,  
Серия «Исторические и социально-политические науки»,  
Series «Historical and socio-political sciences»

№3(58), 2018

Алматы 2018

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ-НИҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТИНЕ 90 ЖЫЛ  
90 ЛЕТИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ АБАЯ**

УДК 11.84.11  
ГРНТИ

Мырзатаева З.Б.

*Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақстан тарихы кафедрасының ага оқытушысы, т.е.к., Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: zabvra73@mail.ru*

**СТУДЕНТ-АСПИРАНТТАР ӨМІРІ 1928-1930 жж  
ҚҰПИЯ БӨЛІМ МАТЕРИАЛДАРЫНДА**  
(Абай атындағы ҚАЗҰПУ-н 90 жылдығына орай)

Анданна

Мақалада Абай атындағы ҚазҰПУ-н 28-30 жылдардағы күнделікті өмір тарихы баяндалады. Алғашқы түлектер даярланған 1928-1931 жылдар оның оқытушылары үшін де, студент-аспиранттары үшін де аса азапты жылдар болды. Республикада болып жатқан саяси-экономикалық жағдайлар институттың оқытушылары мен студенттерінің өміріне қатты әсер етті. Өлкені жайлаган аштық, кәмпеске, ұжымдастыру, «өзгеше ойлайтын» қазак зиялышы мен студенттердің күтіндалуы, жоғары маман кадрларының жетіспеушілігі және сонымен қатар түрлі эпидемиялық аурулар институт өмірін қатты қынданатты. Қатаң идеология университеттің іргесі қаланған уақыттан бастап оқытушыларды да, студенттерді де бас көтеруге дәрменсіз жағдайда ұсталды. Оку орнында білім беруден ғері айтқанға көнетін, айдағанға жүретін «ақылды совет адамын» даярлау тәжірибесі орын алды.

Мақалада автор мұрағат дереккөздері негізімен мәселені жаңа теориялық және методологиялық түрбейдан корытуға талпыныс жасайды.

**Кітті сездер** Студенттер, аспиранттар, репрессия, эпидемия, күпия бөлім, ОГПУ, бай-кулактар.

З. Мырзатаева

Карташев, А.Н. Учебник по истории Казахстана / А.Н. Карташев, А.А. Тимашев, Е.А. Тимашева, С.М. Торекалдова. – Алматы: Азаттык, 2018. – 300 с.

ЖИЗНЬ СТУДЕНТОВ-АСПИРАНТОВ В СЕКРЕТНЫХ МАТЕРИАЛАХ ОГПУ 1928-1930 гг  
(посвящается к 90-летию КазНПУ им. Абая)

### *Annotation*

**Аннотация**  
В статье рассматривается история повседневности КазНПУ имени Абая в 1928-1930 гг. Первые годы работы были тяжелыми для университета, происходящие политические и экономические изменения в обществе повлияли на жизнь преподавателей и студентов. Голод, конфискация, коллективизация, борьба с казахским «инакомыслием» интеллигенции, а также эпидемические заболевания и недостаточное медицинское обслуживание парализовали процесс обучения. Суровая идеология не давала возможности студентам свободно мыслить, творить, формировать квалифицированных специалистов на должном уровне. В советской лаборатории готовился «*homo soveticus*».

Автор в статье пытается раскрыть проблему с методологической стороны, привлекая пласт неопубликованных архивных источников.

**Ключевые слова:** Студенты, аспиранты, репрессия, эпидемия, секретная часть, ОГПУ, кулачество.

Myrzatayeva Zabira

*Senior lecturer of Department of History, Institute of History and Law Kazakh National Pedagogical University by named Abay. Republic of Kazakhstan, Almaty*

**LIFE OF STUDENTS-ASPIRANTS IN SECRET MATERIALS OF 1928-1930**  
(dedicated to the 90-th anniversary of the KazNPU named by Abai)

### *Summary*

*Summary*  
The article deals with the daily life history of Abai KazNPU in 1928-1930. The first years of work were hard for the University, the ongoing political and economic changes in society affected on the life of teachers and students. Hunger, confiscation, collectivization, fighting with the "dissent" of the Kazakh intelligentsia, as well as epidemic diseases and inadequate medical care paralyzed the learning process. Harsh ideology did not allow students to freely think, to be creative, to be formed into a qualified specialist at the proper level. The "homo soveticus" was prepared in the Soviet laboratory.

The author in the article tries to solve the problem from the methodological side, involving the group of unpublished archival sources.

**Keywords.** Students, graduate students, repression, epidemic, the secret part, the OGPU, the kulaks.

*Студенттер ортасындағы «тазарту» (чистка) жұмысы.* Университетте жұмыс істеп тұрган құпия белім (секретная часть) студенттердің еркін ойлап, жүріп-тұруына, қоғамтану көзқарастарының дұрыс бағытта қалыптасуына жол бермеді: институт қызметкерлерінің, студенттерінің жүрген ізі ылғи да бағулы болды, айтылған сөздері тіркеуге алынып, олардың ой-санасының азаматтық тұрғыдан қалыптасуына жол берілмеді. КСРО Халық агарту комиссариатынан бірнеше пункттерден тұратын «қоғамға жат жонінде архив деректерінен үзінді келтірсек:

## *«Аса құныя».*

Жұмысшы факультеттерінің меңгерушілеріне, облыстық халық агаарту бөліміне, өлкелік комитет  
менгегерушілеріне, жоғары оқу орындарының ректорларына. Көшірме – жоғары оқу орындары бойынша  
ХАК үзілдемелігі

ХАК-ның атына келіп түсken өтініштерге байланысты және оған қосымша ретінде 1929 жылдың 14 маусымынан 1929 жылдың 8 желтоқсанына дейінгі аралықта № 261 шығарылған өкімге байланысты ВКП (б) ОК-нің ноябрь Пленумы қаулысының негізінде Жоғары техникалық оку орындары мен Жоғары оку орындарын қоғамға жат элементтерден, қоғамның қас-дүшпандарынан тазарту жөніндегі бұйрығына етеді:

2. Құқығынан айрылғандардың балалары, сондай-ақ өзін қоғамға жат элемент ретіндегі таптықтан, олардың орнына түскенде өзінің әлеуметтік тегін жасырғандар немесе еңбек етпейтін элементтерден кол узбегендер, олар да оку орындарынан сөзсіз аулақтатылсын;

3. Жоғарыда көрсетілген себептермен окудан шығарылатындарға жан-жакты тексеру жұмысы жүргізілсін, нақты фактілік материалдармен негізделінсін, сосын оқу орнынан шығарылсын;

4.Әрбір жағдай катаң түрде тексерілуден өтіп, оқудан шығарылуының себебі анықталған болып саналады.

Назарға лілкен оку орны да жан-жақты тексеруге алынсын.

Халық ағарту комиссариаты социалистік құрылышты іске асыру жолында барлық қызметтерден тазарту шарапарын жүйелі, әрі мұқият түрде жаппай немесе жеке-жеке окушылардың әлеуметтік шығу тегін зерттеу қажеттілігін қатаң түрде ескертеді /«тазарту»/, - делинеді [1, 6].

Көріп отырганымыздай, репрессияның сұық ызғары институт ашылған соң, көп ұзаман да, студен-  
ттердің мемлекеттік мектептерде орталықтың әмбебаптың таңдауда жаңа мүнисипалитеттің  
өміріне де жеткен. Ендігі кезекте орталықтың әмбебаптың таңдауда жаңа мүнисипалитеттің  
«бұлтартпай» тез арада жауап беруіне тұра келді. Өйткені: «ХАК-н (14 июня 1929 г. за № 3100880. Ст.  
8/XII-29 г. за 261 /с, и от 9/II-30 г. за № 268/c) ЖТОО (жоғарғы техникалық оку орындары) және ЖОО-н

қоғамға жат элементтерден тазарту туралы өкімнің бірнеше рет жіберілуіне қарамастан, әлі күнге дейін бұл жұмыс өз деңгейінде орындалмай отыр. Сондықтан әсіресе ең соңғы курсты аяқтаушылар жөнінде қатаң тексеру жұмыстары жүргізіліп, олар туралы нақты мәліметтер жинақталсын» [1, 4], - делінген мазмұндағы өктем бұйрықтар жете бастады.

ҚазМПИ студенті Ахметов Тәнірберген ОГПУ назарында. Бақылау органдарының назарына ілікken 1-курстың студенті Ахметов Тәнірберген 1931 жылдың сәуір айында ҚазМПИ-дің бұйрығы бойынша (1931 ж. 3 апрель Бұйрық №56) [2, 23] алып жүрген 1 -деңгейдегі стипендиясынан айрылады, 2-деңгейге түсіп қалған. Бұл әрине жазалаудың бастапқы кезеңі болатын, осыдан кейін есімі аталған бұл студенттің соңына тұсу басталады. Содан 2 ай ішінде 1931 жылдың маусымында Ахметов Тәнірберегеннің сыртынан түрлі мәліметтер жинақталады. Ол «аса құпия» делінген грифі бар ҚазМПИ бланкісінде:

«1. Ахметов ет өндіру және астық даярлауды ұйымдастыратын кампаниялардың қызметіне қоңілі толмайды;

- 1.ол студенттер ортасын қоғамға жат элементтерден тазартуға қарсы;
- 2.Алаш-Ордалиқтар даярлаған әдебиеттерді ашықтан-ашық жақтайды;
- 3.институттан өз еркімен кетпек болған;
- 5.өндірістік практикаға байланысты студенттер арасында іріткі салу ісімен айналысқан;
- 6.қастандық жасаған / институт мекемесінде орын алған өртті оқшаулауга қарсылық білдірген;

7. партия ұйымдарының түрлі жиналыстарында жалған хабарландыруларды таратумен айналысқан», - делінеді де, - әрі қарай бұл құжатта, «осы мәліметтерге сүйене отырып, Ахметовты қастандық ұйым жетекшілерінің бірі, студенттердің арасында іріткі туғызуши элемент деуге негіз бар. Сондықтан Ахметовты тұтқындалап, тергеу жұмыстарын жүргізіп, оған тиісті жаза қолдануларынызды өтінеміз», - дейді. Арыздың соңына институт директоры Карташов, Қазақ ВКП(б) ұйымының жауапты хатшысы Валитов, Қазақ ВЛКСМ бюросының хатшысы Мухамедов, кәсіподак тәрағасы Шукаманов» [1, 4] қолдарын қойған.

Даярланған бұл мәтін кеңейтіліп, барынша тарқатылған мазмұнда қалалық ГПУ басшысы Т.Гайсинге, 1/ Қалалық комитеттің мәдени насиҳаттау бөлімінің мүшесі Мұрағев аға 2/ жолдас Лесковец ке, 3/ПП ОГПУ Саенкова қайта жолданады. Архивте бұл құжаттың көшірмесі сақталған. Онда: «16-съезден кейінгі саяси тәрбие беру ісінде «ұлken жетістікке» жетелеп отырган Голощекиннің қызметінің арқасында жүздеген студенттердің ВКП(б) құрамына қабылданғаны және ҚазМПИ-де төмендегідей тізіммен көрсетілген істердің орындалғаны» үлкен мактандышпен баяндалады.

«1/ біздің социализм құру ісімізге кедергі келтіріп жүрген Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков сияқты қас-дүшпандарымыз бүгінде баар жерлеріне айдалип кетті.

2/ Алаш-Ордалиқтар өздеріне құрескер маман даярлау мақсатымен әкелген байлардың балалары ҚазПИ-ден қуылды.

3/ Студенттер мен педагогтар арасында орын алған кейбір келіспеушіліктер ж.б. мәселелер өз шешімін тапты. Идеологиялық тұрақсыз студенттермен жұмыс жүргізілуде. Студенттер қауымын қоғамдық жұмыстарға жаппай жұмылдыру арқылы зор нәтижелерге қол жеткізу деміз. Былтырығы құзде окуға түскендерді макта териу кампаниясына Пахта Арапға жібердік. Студенттерді тәрбиелеу ісімен әсіресе, топтардың старосталары, профкомның мүшелері айналысады, ал бұлардың үстінен ВКП(б) кандидаттары мен мүшелері және ВЛКСМ-ның сенімді мүшелері бақылау жасайды. Сәл ауытқуышылық орын алған жағдайда комсомол жастар дереу дұрыс жол көрсетіп отырады. Алайда бай-кулактардың жұмысын жүргізбек болған студенттер де арамыздан табылып жатыр» [1, 11], - делінеді де, оның қатарына Қарқаралы округінің тұмасы, әдебиет бөлімінің қазақ тобындағы 1-курс студенті Ахметов Тәнірберген (орташа отбасында тұған, комсомол қатарынан шығарылған) және Ахметов Нұркө (ол да Қарқаралы округінде тұған, кедейдің баласы, әдебиет бөлімінде, қазақ тобында 1-курста оқиды) есімдері көрсетіледі. Әрі қарай мәтінде екі қазақ жігітінің әрекеттерін талдауға ала бастайды. Ахметов Тәнірберген сөзге шешен, терең ойлы сонымен қатар, совет билігінің жүргізіп отырган саясатына қарсы адам ретінде көрсетіледі. Оның көпшілік ортада өз ойын анық жеткізіп, соңынан ерте алатын қабілеті бар екендігі айтылады.

Жалпы, 1930 жыл қазақ ауылдарын кәмпескелеу, ұйымдастыру сияқты аласапыранга толы мезгіл болатын, міне Тәнірберген, Нұркелер, сол жағдайды қөзімен көрген жастар еді. Соған сәйкес «Ахметов қазақ ауылдары каланы, интеллігентияны асырап отыр, ет даярлау мен астық өндіру кампаниялары қазақ ауылдарын ашаршылыққа ұшыратты, есесіне биліктегілердің, қалалықтардың қарындары тоқ жүр дейді»

[1, 11], - делінген пікірлері ОГПУ қызметкерлерінің қулагына жеткен. Эрі қарай жас студенттер өз замандастарының ортасында: «совет өкіметі келгенге дейін қазақ ауылы қыншылық көрді деп өтірік айтады, кайта совет билігі келген соң нағыз алапат қайыршылықты бастаң кешудеміз» деген болса керек. Әсіресе, Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев еңбектерін сүйіп оқыған студент Тәнірберген «...олар сияқты (Абай, Мағжан ж.б. айтады-авт) адам сезіміне жетерліктей өлеңдерді қазіргі пролетарлық ақындар шығара алмайды, қазіргі ақындар босқа тырысып-бағып жүр, оларынан бәрібір түк шықпайды», сонымен қатар «қазактарда ақылды философтар жок, олардың бәрі абақтыда отыр» деп шын мәніндегі жағдайды көрсеткені де құпия бөлім қызметкерлеріне жеткен.

Социалистік қоғамды құрушулыар студенттерді арзан жұмыс күші ретінде макта териу, завод-фабрикалардағы ауыр жұмыстарға жегіп пайдаланғаны да баршага мәлім. Ол жөнінде де Ахметов Тәнірбергеннің айтқандары құпия бөлім қызметкерлерінің талдауына түскен: «...студенттерді ауыр жұмыстарға салады, 5-6 студенттің өліміне Пахта Арапдағы жұмыс тікелей себепкер болып отыр дейді Ахметов. Ол әсіресе студенттер арасынан Қарағанды, Риддер практикасынан кейін барлық практиканндардың туберкулезге шалдығып келетінін айтып жүрген сыңайлы. Сол себепті қазір студенттердің басым көпшілігі түрлі анықтамалар экеліп, практикаға бармай қалудың жолына түскен. Бұл студенттердің басым көпшілігі түрлі анықтамалар экеліп, практикаға бармай қалудың жолына түскен. Бұл қастандық қой!» [1, 11]. Ал шын мәнінде Ахметовтың бұл сөздерінің барлығы да шындық еді. ҚР ОМА-н № 1142 қорында тіркелген ҚазПИ-дін бұйрықтарынан опат болған, туберкулезben де ауырғандардың № 1142 қорында тіркелген ҚазПИ-дін бұйрықтарынан опат болған, туберкулезben де ауырғандардың 1931 жылда 20 маусымында 1 - курс студенті **Ботпаев Сұлтан**; 1931 жылда 7 наурызында 2 - курс студенті **Бейсенов Телғозы**; 1931 ж. 20 маусымында биология бөлімінің 1-курс студенті **Умбетпаева Г.** Түрлі аурулардан көз жұмған [26, 78] (бұйрық № 110 (78 П.). Ал өндірістік практиканы шынымен де көмір бассейні шогарыланған Қарағандының түрлі Корғанда [2, 61-62], Қиялы [2, 97] деген жерлерде еткізгендігі жөнінде ҚазПИ-дің 1931 ж. 1 маусымындағы № 97 бұйрығында көрсетілген (қараныз: [2, 61-62; 78; 97 ж.б.] (бұйрық № 110), ал 1931 ж. 1 сентябрінен бастап тарих-экономика бөлімінің 2-курс студенті **Тәкеежанов Эмірбайдың** туберкулезге шалдығып, денсаулығына байланысты демалыска шыққаны айтылады [2, 31] (Бұйрық № 66). Міне бұл құжаттардан студенттерді арзан жұмыс күші ретінде өндірістік практика делінетін сылтаулаармен ауыр жұмыстарға жегіп, пайдаланғаны байқалады. Онсыз да экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан тұралап жатқан студенттер өмірін екінші жақтан практика делінген сылтаумен осылайша қыспаққа алды. Ой еркіндігін шектегені, жалпы университет саясатының студенттер мүддесінен алшақ тұруы, білім сапасына қатты әсер етті...

... Бұдан басқа Ахметовтың басына үйіп-төгілген жала тізімі жетерлік еді, яғни «институттың мекемесін өртемек болған 15 жастағы баламен де сыйбайлас атануы..., Ахметов социалистік жарыска қасақана қатынаспайтыны..., Ахметов студенттермен шекіспін қалғанда «пайда табу жолында жүрген мансап қуушы!» (студенттер Ахметовты сынға алып, газетке шыған болса керек) деген сияқты сөздері хатка тіркеле берген.

*ҚазПИ студенті Сатенов ОГПУ назарында.* Тәнірбергеннің жақын досы Сатенов те қудалауға ұшырады. Осы ақпараттарды түпнұсқа құжат бойынша баяндар болсақ, онда былай делінеді: «Ахметов қыс бойы Ақтөбелік Сатенов деген байдың баласымен бір пәтерде тұрған. Сатенов комсомолдан шығарылады, байдың баласы, партия үйімінің шешімін күтпей-ақ, өз бетінше оқудан шығып кетпек болған. Бірақ та дирекция оның мұнысына мән бермей, оқудан кетірілуі туралы бұйрықты шығармай отыр. Ал Ахметов болса Сатеновтың орнына май, апрель айларына оның стипендиясын бухгалтериядан алып, Сатеновке экеліп беріп жүр».

«Милиция ҚазПИ гимаратын өртемек болған 15 жастағы жасөспірімді қолға түсірді. Мұны ұйымдастырып отырған Сатенов деп болжаймыз. Ал Сатенов Ахметовтың досы. Сол себепті бұл істін басында тұрған Ахметов екендігіне біздің көзіміз жетіп отыр. Өйткені Сатенов Ахметовсыз ештеңе істемейді. Оның үстіне ылғи да Бюро мәжілісінің хабарландыру қағазы қабырғадан түсіп жатады. Бұл да Ахметовтың ісі».

Әрине осыдан кейін Сатеновтың де жазадан «құр қалуы» мүмкін емес еді. ҚазПИ-дің № 95 бұйрығы бойынша 1931 жылдың 1 мамырынан бастап оның (әдебиет белімінің 1-курс студенті Сатеновтің) мемлекеттік стипендиядан айрылғанын көре аламыз [2, 58].

Бұл келтірілген барлық мәліметтерден институт студенттерінің өмірінің советтік билік алдында дәрменсіз күй кешкенін көреміз. Осында «қорғансыз жағдайдағы» Тәнірберген сияқты басқа да азаматтар көп еді... Тәнірбергеннің де, Нұркенің де, Сәтеноғовтың де әрі қарайғы тағдыры бізге беймәлім. Жоғарыда көрсетілген неше түрлі жаламен Тәнірберген (кезінде үлт басшылары Ахмет Байтұрсынов,

Хатын Досмухамедов, Смагул Сәдуақасов ж.б. үстінен тергеу жұмысын жүргізу.

Халел Досмұхамедов, Смағыр Осмонов, Саскөңін кольна түскен соң, «одан аман қалуы екі талай-ау» деген сұйық ой келеді. № 3, «Б» іс-күжаты 30-

ұйымының хатшысы /Гленчиннің/ [1, 11] қолданып, ҚазПИ студенті Елемесов Сентай (мүмкін Есентай-авт) ОГПУ назарында. 1932 ж. 18 ғарыштағы №31 тіркелген құжатында, ҚазПИ-дің ВКП (б) ұйымының хатшысына ҚазПИ студенті Сейтханов Зайткулланың әкесі Елемесов Сентайды - 1931 жылдың көктемінде болған Шыңғыстау ауданындағы көтерілістің басшысы Шәкәрім Құдайбердиеевпен тығыз байланысы бар бай адам деп көрсетіледі. Шұғыл түрде студентке шара қолданып, оның нәтижесі туралы ВКП (б) өлкелік комитетінің мәдени насиҳаттау бөліміне (Культпроп Крайком) хабарланыздар (Муравьевтің қолтаңбасы түседі)» [1, 23], - делінсе, келесі фактіде, 1932 ж. 3 мамырында Қазак пединститут бланкісіне аса құпия делінген белгімен ОГПУ Торғай аудандық бөлімшесіне «ҚазПИ студенті Бермұхамедов Абпас пenen Бермұхамедов Кенже-Али жөнінде мінездеме жіберулерінізді сұрайды, себебі нақты емес мәліметтер бойынша олар бай отбасынан болып шығуы мүмкін. Және бұрынғы тұрған жерлерінен қудаланып, әкімшілік жазаға ұрынған секілді. Бұл сұратылып отырған мәліметтер ағайынды Абпас және Кенже-Али Бермұхамедовтарды окудан шығару үшін аса қажет. Мәліметтерді шұғыл түрде жіберулерінізді өтінеміз» [1, 27], - делінеді. Бұл хатқа ҚазПИ-дің түлегі, институттың құпия бөлім қызыметкері Дегтяренконың қолы қойылған. Дегтяренко Торғайға осы жылдың 4 майында ағайынды бұл екі жігіттің 10 жылға сотталғаны жөнінде құдік бар екенін айттып, тағы да хат жолдайды [1, 30].

Осыдан кейін Торғайдан жауап хат келеді. 1932 жылдың 20 маусымында жеткен бұл хатта, Үкіметтің майдаярлау (скотозаготовка) тапсырмасын орындағаны үшін **Бермұхамедов Апбас пен Кенже-Али** аудандық соттың 1931 ж. 5 қарашасындағы шешімі бойынша КК 61 бабымен 2 жыл бас бостандығынан айырылғандығы және 8 жылға жер аударылғандығы, сондай-ақ олардың әкесінің «Ишан» - бай болып шыққандығы анық болады. Хаттың сонына Торғай аудандық ОГПУ Бастығы Гумировтың қолтанбасы койылады [1, 32].

Осылайша білім беру ордасы мемлекет саясатының ықпалына түсіп, өзінің негізгі функциясынан мулде алыстап кетті. Саят ашу ісіндегі «ренессанс» репрессиялық жолмен шатысып әбден қайшылықта ұрынды.

Әзірлеу мүмкін болғанда, олардың мәдениеттік мөндерін сақтаудың маңыздылығын анықтауда көрсетіледі.

*Алматы қаласындағы жоғары оқу орнында оқитын саудагер-бай  
отбасынан шыққан білім алушылардың тізімі*

Аты-жөні	Оку орнының атауы	Мінездеме
Жұнісбеков Зайнолла	ҚазПИ	<p>Баянауыл ауданының № 3 ауыльның тұрғыны. Патшалық билік тұсында әкесі 10 жыл бойы би болған, және оның жеке шаруашылығы болған.</p> <p>1922 жылы Зайнулла қоғамға жат элемент ретінде Семей ауыл шаруашылығы техникумынан шығарылған.</p> <p>Аудандық ВКП (б) хатшысы қызметіндегі агасы ЖУНУСБЕКОВЫҢ қолдауымен окуға түскен.</p>

Сейтханов Зайнулла		Шұбартай ауданының №3 ауылының тұрғыны, экесі бірнеше жыл молда болған, жеке шаруашылығы бар. СЕЙТХАНОВТЫ ата-анасы асырап отыр. Бай шаруашылығы бар тұған ағасымен әлі күнге дейін байланыста.
Сембаев Хамид		Қарқаралы ауданының №8 ауылынан шықкан. СЕЙМБАЕВ АБАТ есімді саудагердің баласы, бұрынғы патша шенеунігін тұысқаны. Осы адамның қолында тәрбиеленген.
Мусин Шакур	СХИ	Жамбек ауданының, Қамысты с/советінің тұрғыны. Экесі бұрынғы патша старшыны, бай қожалығы болған, еңбекші адамдарын жалдап ұстаған. Ағасы Шакура-Батреш тәркіленген, Мусин окуға 1930 ж. Орал ОК ВКП (б) қызметкері - күйеу баласы УТЕГЕНОВ МАГАУИЯНЫҢ қолдауымен окуға келген.
Урумбаев Абдильда	ҚазПИ жанынд ағы рабфак	Қарсақпай ауданындағы №13 ауылдың тұрғыны, мал-мұлкі тәркіленген байдың баласы.
Ярмухамедов Джангоз Жан. Ярмухамедов Райхан. Карпиков- Ярмухамедов Садықжан	ҚазПИ Рабфак 1-курс.	Қарабалық ауданы, №24 ауылдың тұрғыны. Ірі бай, жартылай басшы Тагельдин Ярмухамедовтың (Баукиш) балалары. ТАГЕЛЬДИН Ярмухамед революцияға дейін 500-600 ірі қара малы болған. Қолында бірнеше шаруаларды ұстаған. Совет үкіметі тұсында қожалығын қасақана азайта бастаған, және 1930 жылы оның қолында 1 жылдық, 1 сиырыған қалады. Алаш-Ордашылардың кезінде ол белсенділік танытып олардың отрядына сарбаз жинап берген, ат-көлігі мен азық-түлікпен қамтама еткен. 1930 жылы аталған кісілердің экесі мемлекеттің салығын төлемеген үшін мал-мұлкі тәркіленіп, құқығынан айрылған. Ол жауапқа тартылу қажет болғанда ауылдан қашып кеткен. Студент балаларына Алматыға келген жерінен ұсталды.
Суде кнева Зайнеп (өшіп қалған)	Вет.Инс тигит	Көкпекті қаласындағы ірі саудагердің қызы. Оның экесі 30-жылдары мануфактуралық сауданы иеленген. Екі дүкені, біреуі Көкшетауда, екіншісі Арық-Балық ауданындағы Ақа-Бурлук станциясында. Үлкен екі уй бар. Оның біреуін совет үкіметі тұсында сатып жіберген.
Шайменев	ҚазПИ	Баян-Ауыл ауданының тұрғыны. Ірі байдың баласы. Бұрынғы бай, жартылай басшы, сайлау құқығынан айрылған, экесі жазаға тартылған, қазіргі уақытта қашып жур.

Сондай-ақ, ауқатты отбасынан шыққаны үшін Досов Қалқа Жұмабайұлы Шымкент ауыл шаруашылығы институтынан шығарылады. Әсіресе, осы 1931 жыл ҚазПИ студенттері үшін тым ауыр жылдар болды. Архив корларындағы [2, 3] ҚазПИ кеңесінің №35 бүйрекшілік көшірмесінде (7 наурыз) 3-курс студенті Хасеновтың ГПУ шешімімен оқудан шығарылғаны, 1931 ж. 8 наурызында №38 бүйрекшілік мүддесін қорғағаны үшін, Есенинніңдерді жақтағаны үшін, яғни, «Есенин мен Маяковскийдің өліміне совет үкіметі кінәлі» дегені үшін, оларды сабакқа қатынаспайтын, бұзакылар деген айыппен оқудан шығарылғаны айттылады.

Күжат соңында директор Алмановтың және хатшы Червинскийдың қолтаңбасы қойылған (1931 жылдың 16-17 наурызындағы бюро мәжілісінің №3 хаттама көшірмесінен) [2, 11 об].

ҚазПИ студенті Зейін Шашкин ОГПУ назарында. Сонымен қатар, ұлттымыздың белгілі зияльсы Зейін Шашкиниң университеттің саяси өмірінде калдырыған ізін көре аламыз. Сонау Москвадан университетке жеткен бүйрек-хатта (ОГИЗ – РСФСР. Баспа институты): ««ОГИЗ» редакциялық-баспа Институты Сіздерде оқыған, бай-кулактың баласы ретінде оқудан шығарылған Зейнұлла Шашкин туралы акпарат сұрайды.

Казіргі таңда Шашкин Зейнұлла біздің институтта оқиды.

Тез арада Шашкин Зейнұлла туралы барлық мәліметтерді Москва, Мясницкая 21/8 адресі бойынша жіберулерінізді өтінеміз. /23 VIII, 1932 ж./

Институт Секретариаты: қолтаңба анық көрінбейді)» [1, 33], - делінген хатты Алматыға ҚазПИ-ге жолдайды. Алайда осыдан кейін қандай жауап түскені, оның тағдыры әрі қарай қандай жағдайда -

өрбіген бізге беймәлім, бірақ Зейнолла Шашкиннің ғұмырнамалық анықтамасы көрсетілген еңбектерде 1930-1933 жылдары Москва тарих, философия және әдебиет институтын үздік оқып бітірген көрсетіледі. Дарынды жазушы, драматург, дәрігер, ғалым 1938-1948 жылдар аралығында көптеген зиялды өкілдері секілді сталиндік репрессияға ұшырайды. Иркутск қаласына 10 жылға жер аударылады. Өзінің сүйікті кәсібі жазушылық жұмысына шектеу қойылған Зейнолла Шашкин айдауда жүріп дәрігерлік қызметті жоғары деңгейде игереді. 1966 ж. өмірден озады [3, 1-4].

*ҚазПИ студенті Адыев Мұса ОГПУ назарында.* Тура осы мазмұнда университеттің келесі бір студенті Адыев Мұсаның да құпия бөлім қызметкерлерінің тырнағына ілккенін көреміз. Оның әкесінің екі бү диірмені, 4 сиры, 6 жылқысы бар «бай» адам болса керек. Мұса қазақ жерінде білім ошағы бой көтерген соң, балаларын оқыту мақсатында 6 жылқысымен, 3 темір шанасымен (железные ходоки) Алматыға келген. Оған дейін ол «Қазақстан» колхозына 1 жылқысымен өткен екен, ал қалған малын сатқан. Міне сол үшін ВЛКСМ өлкелік комитеті ұшыыл түрде осы фактілерді тексеруге алып, оның ізіне қайта түседі. Сөйтіп сонында «29/ІҮ -32 г. Шұғыл түрде. Каз.Г.У.» делінген хат даярланады [1, 31].

Міне осылайша бақылау органдары түрлі әдіс-құралдарымен университеттің берекесін кетірді. Университеттің құпия бөлімі тіпті, ПП ОГПУ-дан (1931 жылы 8 тамызда) құпия іс-құжаттарымен жұмыс жүргізу инструкциясын сұратып бүл салада кәсіби біліктілігін шындала отырды [1, 17].

Бұл советтік жүйеде орын алған жағдай өз студенттерімен күрес жүргізген университеттің агартушылық қызметіне тым лайықсыз істер еді. 20-30 жылдардағы университет өмірінде білім алушылардың стипендиясынан айыру, жатақханадан кудалау, ОГПУ қызметкерлеріне өз студенттерін «бай-кулактар», «халық жауларының балалары» деген айыппен жазалауы, сосын окудан босату сияқты науқанға ерекше толы кезең болды. Сондықтан студенттердің институттагы күнделікті өмірі ылғы да психологиялық үрей мен саяси қысым жағдайында өтіп жатты ...

20-30 жылдардағы Алматы қаласы тұрғындарының естеліктегін. Тек студенттер емес, 20-30 жылдардағы Алматы қаласының қарапайым тұрғындарының да күн көрү ауырлап кетті. Мысалы қала ішінде бұзакы орыс-казактарының сорақылығы жөнінде айтылған интернет желісінен алынған естелік материалдары оған дәлел бола алады: «...1928 жылы Алма –Атада университеттің ашылуы қаланың астана болуының алғашкы белгісі еді. Келесі жылы Алматыға Қызыл-Ордадан республика әкімшілігі көшіп келді... Алғашкы КазГос университет 1930 жылға дейін осында ауыр жағдайда болды. Қазір ол Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті болып табылады. Ал бұрын ҚазПИ болды. Біздің өміріміз ауыр болды. Жатақханамыз біреу ғана, Төлебаев көшесінің бұрышында (бұрынғы Фонтанная және Максим Горький көшесінің киімліктерінде, бір көпестің бір жарым этаждық үйі болды. Сонда тұрдық. Жарық жок. Тұнде журу аса қауіпті болатын. Қалада орыс-казак жастары топ-топ болып жүретін. Біз оларды күчугуровцы деп атайдының», - делінсе, екінші кісі бүл естелікті толықтыра түсіп былай дейді: «Бұл естеліктер менін әжемнің естеліктегін қатты сәйкес келеді. 1930 жылы олар Алма-Атаға көшіп келген. Алғашында олар жатақхана-баракта тұрған. Олар ылғы да «басмачтар» өлтіріп кетеді деп үрэйленіп өмір сүрген екен [4], - дейді...»

*ҚазПИ аспиранттарының тізімі (1931 ж): әлеуметтік сипаты.* Тарауда білім беру ісімен қатар ғылыми кадрлар даярлау жұмысын қатар жүргізген ҚазМПИ-дің ғылымдағы күнделіктілігіне талдау жасалмақ. Тарау тақырыбынан байқап отырғанымыздай 30-жылдарда оқытушыларға, студенттерге жасалынған репрессиялық шабуыл аспиранттар өмірін де шарлап өткені байқалып тұр. Міне осындағы мақсатпен даярланған аспиранттардың әлеуметтік тегі таратылған тізімге назар аударсақ. РСФСР ХАК қызметкерлеріне бүл мәліметті жолдай отырып ҚазМПИ директоры Золиев мынадай мазмұнда хат жолдайды: «ҚазПИ-дің 3 ғылыми қызметкерлері мен 3 аспирантының кадрлар бөлімінде тіркелген мінездемесін жолдаймыз. Институтта қызметкерлердің әлеуметтік тегі туралы мәліметтер тіркелмеген.

Сонымен қатар бізде мұндай тіркеу жұмысын жасайтын арнайы мамандар қарастырылмаган. Мына құжаттарды институт қызметкерлері қосымша жұмыс ретінде даярлағанын хабарлаймыз», - деп директор Золиевтің және оқу бөлімінің қызметкері м.атқ. Еськовтің фамилиясы көрсетілген [5, 28].

Алайда тізімде тек аспиранттардың ғана емес, аспирантураға үміткер белсенді студенттердің де фамилиялары тіркелген:

1.Джубанов – қазақ, шаруаның баласы, бұрынғы педагог, Педфакты және

САГУ-ды бітірген, аспирант, Ғылым Академиясында оқиды, идеологиялық тұрақты, жақсы қоғамтанушы (общественник).

2.Потапова Анна К. – аспирант – орыс, ВЛКСМ мүшесі, Герцен атындағы

Ленинград Педвуз-ын бітірген, идеологиялық тұрақты, қоғамдық жұмыстарға белсене катынасады, ізденіс жолындағы адам, қызметкерлер өзүлтінен.

19 июль 1931 ж. [5, 21].

3.Аманжолов – аспирант, ВКП/б/ мүшесі, казак, идеологиялық тұрақты, ізденіс жолындағы адам, в казіргі уақытта қазақ тілінің оқытушысы. 19 шілде 1931 ж.

4.Балкашев Умут Мендыкинович – аспирант, қазак, ВКП/б/ мүшесі, малыш-шаруаның баласы, 2 МГУ-ді бітірген, бұрынғы педагог, идеологиялық тұрақты, когамда ашық, ізденіс жолындағы адам. 19 июль 1931 ж.

5.Сыдыков Амержан Садыкович – қазақ, малыш-шаруаның баласы, партияда жок, бұрынғы педагог, аспирант, идеологиялық тұрақты, реакцияшыл профессурамен күресте белсендердің танытқан, белсендердің мүшесі, Казнаркомпростың ғылыми-әдістемелік секторында жұмыс істейді, ізденіс жолындағы адам. 19 июль 1931 ж.

6.Ақылбаев Есет – қазақ, ВКП /б/ кандидаты, кедей-шаруа, аспирантураға үміткер, үміткер, тарихи-қогамдық белімінің III-курс студенті, білімі орташа, идеологиялық тұрақты, қогамда белсендерді. 19 июль 1931 ж.

7.Кулумбетов Ұйленген – қазақ, ВКП /б/ кандидат, кедей-шаруа отбасынан, аспирантураға үміткер, физика-техника белімінің III – курс студенті, білімі орташа, идеологиялық тұрақты, қогамда белсендерді. 19 июль 1931 ж.

8.Симакова Махи – татар қызы, парияда жок, аспирантураға үміткер, биология белімінің III-курс студенті, жұмыс істейді, кедей-шаруа отбасынан, идеологиялық тұрақты, қогамда белсендерді, білімі жақсы, ізденіс жолындағы адам. 19 июль 1931 ж.

9.Карпунин Сергей Кириллович – орыс, ВКП/б/ мүшесі, шаруа отбасынан, экономика-қогамтану белімінің III-курс студенті, аспирантураға үміткер, тұрақты коммунист ретінде өзін көрсете білді, білімі жақсы. 19 июль 1931 ж.

10.Сембаев АБД.Иб. қазақ, ВКП/б/ мүшесі, кедей отбасынан, аспирантураға үміткер, химия белімінің III-курс студенті. Идеологиялық ұстамды, ізденіс жолындағы адам. Оку жылдарында өзін белсендерді коммунист ретінде көрсте алды. 19 июль 1931 ж.

11.Джаруков Таир – қазақ, ВКП/б/ кандидат, шаруа отбасынан, аспирантураға үміткер, әдебиет белімінің III-курс студенті, идеологиялық тұрақты, қогамда белсендерді, білімі жақсы. июль 1931 ж.

12.Комалов Сагир – қазақ, ВКП/б/ кандидат, кедей шаруа отбасынан, аспирантураға үміткер, әдебиет белімінің III-курс студенті, білімі жақсы, ізденіс жолындағы адам, қогамда ашық, идеологиялық тұрақты. 19 июль 1931 ж.

13.Абдужапаров Пернеш – қазақ, ВКП/б/ мүшесі, кедей-шаруа отбасынан, аспирантураға үміткер, әдебиет белімінің III-курс студенті, үлгерімі жақсы, ізденіс жолындағы адам, қогамда ашық, идеологиялық тұрақты. 19 июль 1931 ж. [5, 41-43].

Міне бұл мәліметтер орталықтың университет өмірінің қай бағытта және кімдер арқылы даму жолында екенін үнемі бақылауда ұстау үшін қажет болды. Байқап отырғанымыздай тізімнен ауқатты отбасының балаларын кездестіре алмаймыз.

Сондай-ақ, дарынды жас С.А. Аманжоловтың (лингвист-турколог), Тайыр Жароковтың (көрнекті қазақ ақыны), Қ.Жұбановтың (профессор, түркітанушы, педагог) сияқты болашак маман иелерінің есімдерін көре аламыз.

Мақала соңында корытатынымыз совет билігі қара шанырак университетіміздің аяқтан тік тұрып, жұмыс істеп кетуіне соншалықты тілекtes бола койған жок. Университет А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, О.Жандосов, С.Асфендиаров, Д.Авксентьевский ж.б. қазақ және орыс интеллигентияларының жанкешті енбектерінің арқасында өмірге келді, қатарға қосылды...

#### Ескертпелер:

- 1.КР ОММ 1142-қ., 1 - тізбе, 3 «Б» - іс. //Разная переписка: 1. Выписка из Протоколов Крайкома ВКП(б) 2. Циркулярные письма Наркомпроса. 9 февраля 1930 – 13 декабря 1933 г. 64 Л.
- 2.КР ОММ 1142-қ., 1-тізбе, 6-іс, 23 н.
- 3.К 100-летию Зеина Шашина. //old-site.karlib.kz. shashkin\_zein.pdf1-46б.
- 4.Строим Алматы из воспоминаний. Форум по соцсети. // <https://vse.kz/topic/45458-stroim-almati-izvospominani>// отправлено 28.02.2009, 01:51
- 5.КР ОМА 1142-қор, 1-тізбе, 3А - іс, 28 н.